

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Тәжен ауылы әкімінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 01-05/33 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 4379 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Тәжен ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін Тәжен ауылының аумағында орналасқан жалпы алаңы 0,3220 гектар жер учаскесіне " SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Тәжен ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы (М.Жанғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тәжен ауылының әкімі

С. Кокаев